

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Алматы қалалық «STUDENT LIFE» ойынының 1/4 кезеңі өтті.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.05.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/139118/>

11-12 мамыр күндері Алматы қаласы Жастар Саясаты басқармасының қолдауымен, Қазақстан КВН Одағының ұйымдастыруымен Алматы қалалық «STUDENT LIFE» ойынының 1/4 кезеңі өтті. Екі күнде «А» тобының 12 командасы, «В» тобының 13 командасы бақ сынады. Ойын қорытындысы бойынша жартылай финалға «Олимп», «Пирамида», «Made in Crush», «Угар-ай», «Қыздар-ай», «50/50», «Ақши», «Атлант SU» командалары тікелей жолдама алды. Сонымен бірге, қазылар алқасының шешімімен «Эйфория», «Космос» командалары да келесі кезеңге резервпен өтті. Аталмыш шараны ұйымдастырушылар мен Жайдарман Алматы филиалының директоры Оңдасын Құлымбетов жалынды жастарды қолдауға келген арнайы қонақтар мен көрермендерге алғыс білдірді.

КМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.